

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Асаново ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 шілдедегі "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 20 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Асаново ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 1 қазандағы № 36 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 қазанда № 24670 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 23 қыркүйектегі № 01-11/251 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Асаново ауылдық округі Плоское ауылының аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Асаново ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 шілдедегі "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23402 болып тіркелген) № 20 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы
Асаново ауылдық округінің әкімі*

С. Казеев